



Бекітемін:
Мектеп директоры
К.Кушенов

К.Кушенов

«*29*» *08* 2024 ж

Келісемін: *Байжуманова*
Оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Байжуманова М.Е
«*29*» *08* 2024 ж

**Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанынан ашылған шағын орталық «Еркетай» ересек
тобының 2024-2025 оқу жылына арналған
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
(4 жас)**

Тәрбиеші: Кушкембаева А.Е

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

2024–2025 оқу жылында Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанынан ашылған шағын орталықтағы «Еркетай» ересек тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дене шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет күн сайын, қазақ тілі аптасына бір рет.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - математика негіздері күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына екі рет. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.



Бекітемін
Мектеп директоры
К.Кушенов *Каси*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебі

Топ: «Еркетай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене тәрбиесі	<ul style="list-style-type: none">- Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдік сақтау; шеңбер бойымен жүгіру; алға қарай еңбектеу; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру;- 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) лақтыру; шеңберге тұру;- Ырғақтық жаттығулар: таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру; бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру; тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру;</p> <p>Спорттық жаттығулар: шанамен сырғанау; төбешіктен сырғанау, бір-бірін сырғанату;</p> <ul style="list-style-type: none">- Қимылды ойындар: ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу;
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none">- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу;- Сөздік қор: сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру;- Тілдің грамматикалық құрылымы: оларды зат есімдермен септіктерде;

		<ul style="list-style-type: none"> - Байланыстырып сөйлеу: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттер арқылы сөйлеу;
Көркем әдебиет		<ul style="list-style-type: none"> - Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету; - Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерліліккұралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
Математика негіздері		<ul style="list-style-type: none"> - Жиын: оның әртүрлі өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, - Сан, санау: екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету; - Шама: жуандығы бойынша заттарды салыстыру, - Геометриялық фигуралар: жоғары-төмен; - Кеністікті бағдарлау: заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу ;
Сурет салу		<ul style="list-style-type: none"> - Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). - Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. - Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солданонға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды қалыптастыру.
Мүсіндеу		<ul style="list-style-type: none"> - Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. - Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық

	<p>жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.
Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. - Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. - Шығармашылық қиялды дамыту
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру; - Қағаздан құрастыру: қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу; - Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру;
Музыка	<ul style="list-style-type: none"> - Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, - Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), - Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, үйрету. <p>музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, үйрету.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.
Қоршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> - Еңбекке баулу: топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою; - Адамгершілік және патриоттық тәрбие: бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге үйрету; - Өлі табиғат заттары мен заттары: ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, судың қасиеттерін анықтау. - Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары: ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру;